МРНТИ: 06.51.51
JEL Classification: F13, F14 C22, O24
DOI: https://doi.org/10.52821/2789-4401-2026-4-49-59

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

О. Ш. Адилханов[1*], Д. М. Кангалакова[1], Қ. Н. Жанғалиева[1]
[1]Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Зерттеу мақсаты: Қазақстанның экспорттық әлеуетіне әсер ететін макроэкономикалық, институционалдық және құрылымдық факторлардың ықпалын эмпирикалық тұрғыдан бағалау. Жаһандық геосаяси өзгерістер жағдайында отандық өнімдердің әлемдік нарыққа шығу мүмкіндіктерін анықтайтын негізгі драйверлерді айқындауға басымдық беріледі.

Әдіснамасы: Зерттеу барысында 1995-2023 жылдар аралығындағы Дүниежүзілік банктің Қазақстан бойынша статистикалық деректері пайдаланылды. Факторлар арасындағы байланысты бағалау үшін ең кіші квадраттар әдісі (OLS) негізіндегі жұптық және көпфакторлы регрессиялық модель құрылды. Модельдің сенімділігі мультиколлинеарлық (VIF), автокорреляция (Durbin-Watson) және қалдықтар стационарлығы тестері арқылы расталды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы: Мақаланың құндылығы экспорттық процесстерді талдауда дәстүрлі макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар, тарифтік келісімдер саны секілді институционалдық айнымалыларды және нарыққа ену индекстерін кешенді түрде қарастыруында. Бұл тәсіл сыртқы сауда саясатының тиімділігін сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері: ЖІӨ β=0,943 мен импорттың β=1,213 Қазақстандық экспорт өсіміне шешуші оң әсерін көрсетті. Институционалдық факторлар ішінде тарифтік келісімдер санының артуы β=0,113, p=0,001 экспорттық түсімді айтарлықтай ынталандыратыны дәлелденді. Алайда, HH индексі мен EMP индексі бойынша гипотезалардың расталмауы экспорттық шоғырланудың жоғары деңгейін және жаңа нарықтарға ену стратегияларының жеткіліксіздігін айқындады. Тұжырымдар Қазақстанның экспорттық стратегиясын әртараптандыру үшін пайдалы негіз бола алады.

Түйін сөздер: экспорттық әлеует, тарифтік келісімдер, эконометрикалық модельдеу, институционалдық қолдау, нарыққа ену индексі, диверсификация, сауда саясаты.

Алғыс. Зерттеу ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің (AP26198229) «Экспортқа бағдарланған өндірісті дамыту тетіктері: іске асырудың заманауи тәсілдері мен бағыттары» гранттық қаржыландыру шеңберінде әзірленген»

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі жаһандық геосаяси трансформациялар мен әлемдік нарықтағы тұрақсыздық жағдайында Қазақстан үшін экспорттық әлеуетті нығайту экономикалық қауіпсіздіктің басты шарты болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің экспорттық серіктестерінің саны 1995 жылғы 116-дан 2023 жылы 133-ке дейін өсті. Алайда, экспорт құрылымындағы шикізат үлесі мен сыртқы нарықтардың шоғырлану мәселесі әлі де өзекті. Экспорттық табыстылықты арттыру тек макроэкономикалық факторларға емес, сонымен қатар халықаралық тарифтік келісімдер мен институционалдық қолдау тетіктеріне де тікелей байланысты. Осы тұрғыда институционалдық және экономикалық факторлардың экспорт көлеміне әсерін эмпирикалық бағалау сыртқы сауда саясатын оңтайландыру үшін аса маңызды.

Әдебиетке шолу. Халықаралық сауда теорияларында экспорттық әлеуеттің қалыптасуы мен оған әсер ететін факторларды зерттеу классикалық және неоклассикалық мектептерден бастау алады. Атап айтқанда, М.Портер ұлттардың бәсекелестік артықшылықтарын талдай отырып, экспорттың дамуы тек табиғи ресурстарға емес, елдің инновациялық қабілеті мен институционалдық ортасына байланысты екенін атап өтеді [1]. Бұл тұжырымды Р.Хаусман т.б. дамытып, «экспорттайтын тауардың маңыздылығы» тұжырымдамасы арқылы экспорт құрылымының күрделілігі экономикалық өсімнің негізгі драйвері екенін дәлелдеді [2]. Яғни, мемлекет қаншалықты қосылған құны жоғары күрделі өнімдер экспортын арттырған сайын соғұрлым экспорттық түсім тұрақты әрі үдемелі өсуді жалғастырады.

Макроэкономикалық тұрғыдан алғанда, ЖІӨ мен экспорт арасындағы байланыс П.Кругман т.б еңбектерінде «масштаб әсері» (economies of scale) арқылы түсіндіріледі [3]. Олардың пікірінше, ішкі өндірістің кеңеюі экспорттық тауарлардың өзіндік құнын төмендетіп, халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Сонымен қатар, Р.Финстра заманауи халықаралық саудадағы импорттық құрамдас бөліктердің маңыздылығын, яғни «кері байланыс әсерін» (feedback effect) зерттеді. Бұл біздің осы зерттеуіміздегі импорт пен экспорт арасындағы жоғары корреляцияны теориялық тұрғыдан негіздейді [4].

Институционалдық факторлардың, әсіресе тарифтік келісімдер мен сауда кедергілерін азайтудың рөлі Е.Хелпман т.б еңбектерінде эмпирикалық түрде дәлелденген [5]. Олар сауда серіктестерінің саны мен тарифтік режимдердің экспорт көлеміне тікелей әсер ететінін атап өткен. Бұл ретте Бонифази және Марини дағдарыс кезеңдерінде институционалдық қолдаудың экспорттық тұрақтылықты сақтаудағы рөлін көрсетті [6].

Отандық зерттеулерге келетін болсақ, біздің алдыңғы зерттеулерімізде Қазақстанның экспорттық әртараптануын орнықты экономикалық өсімге әсерін бағалай отырып, институционалдық қолдаудың маңыздылығын атап өткенбіз [7]. Сондай-ақ біз жүргізген өңірлік индекстік бағалау зерттеуде бәсекеге қабілеттілікті күшейту, экспорттық өнімнің сапасын және көлемін арттыруда ғылыми-технологиялық әлеуеттің маңыздылығы айқындалған [8].

«Экспорттық әлеуетті институционалдық тұрғыдан қолдау мәселесінде Б.Айткен т.б еңбектеріндегі экспорттық когнитивті әсерлер теориясы маңызды рөл атқарады, бұл шетелдік нарықтарға шығу шығындарын азайту тетіктерін түсіндіреді [9]. Сонымен қатар, Асиеду дамушы елдердегі макроэкономикалық тұрақтылық пен ЖІӨ өсімінің экспорттық өсімге әсерін зерттей отырып, біздің модельдегі ЖІӨ-нің жоғары әсерін β=0,943 негіздейді [10]. Ал Мелиц ұсынған кәсіпорындардың гетерогенділігі теориясы тарифтік келісімдердің неге тек бәсекеге қабілетті фирмалардың экспортқа шығуына ықпал ететінін, осылайша жалпы экспорт көлемін қалай арттыратынын ғылыми сипаттайды» [11].

Қазақстанның сыртқы сауда саясатын реттейтін заңнамалық база мен стратегиялық құжаттар, атап айтқанда «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы Заң мен 2020 жылы қабылданған «Экспорттық саясатты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы экспорттық нарықтарға енудің институционалдық негіздерін қалайды [12]. 2023 жылғы QazTrade орталығы есептері мен World Bank деректері көрсеткендей, Қазақстанның ДСҰ-ға мүше болуы мен еркін сауда аймақтары аясындағы тарифтік келісімдері экспорттық географияның кеңеюіне септігін тигізді [13, 14]. Дегенмен, World Bank 2024 жылғы статистикасы экспорттық шоғырланудың әлі де жоғары екенін растайды, бұл біздің модельдегі HH және EMP индекстері бойынша алынған нәтижелермен үндеседі [14].

Әдебиеттер шолу негізінде экспорттық әлеуеттің тек экономикалық ресурстарға емес, сонымен қатар тарифтік келісімдер мен тиімді институционалдық ортаға тәуелді екенін, сонымен қатар басқа да көптеген факторлар тікелей және жанама әсер етуі мүмкін екенін байқадық. Сондықтан біз бұл мақалада келесі зерттеу сұрағын қарастырамыз: Қазақстанның тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі мен өсу динамикасына макроэкономикалық көрсеткіштер, сыртқы сауда ашықтығы және экспорт құрылымының әртараптандырылу деңгейі қандай дәрежеде әсер етеді?

Жалпы алғанда, Қазақстан экспортының сыртқы факторларға, соның ішінде жаһандық дағдарыстарға, шикізат бағасының ауытқуына және геосаяси-экономикалық өзгерістерге жоғары тәуелді екені белгілі. Бұл жағдай экспортты әртараптандырудың, кедендік және логистикалық рәсімдерді жетілдірудің, екі жақты сауда келісімдерін арттыру және экспортқа бағдарланған өңдеуші өндірістерді дамыту қажеттігін білдіреді.

Біз осы мақалада зерттеу сұрағына жауап беру үшін Қазақстандық бірнеше институционалдық және экономикалық факторлардың экспортқа әсерін бағалаймыз және төмендегі негізгі гипотезаларды тексеретін боламыз. Бұл гипотезалар алдын ала тексерілетін болжамдар, нақты нәтижелер регрессиялық талдау арқылы анықталады.

H1. Макроэкономикалық факторлар гипотезасы

Жалпы ішкі өнімнің өсуі Қазақстанның тауарлар мен қызметтер экспортының көлемінің артуымен байланысты болады. (ЖІӨ (ағымдағы АҚШ долларымен) → Тауарлар мен қызметтер экспорты (ағымдағы АҚШ долларымен))

H2. Сыртқы сауда ашықтығы гипотезасы.

Сыртқы сауда ашықтығының артуы (импорт көлемі, экспорттың ЖІӨ-дегі үлесі) экспорт көлемінің өсуіне ықпал етеді. (Импорт (ағымдағы АҚШ долларымен), Экспорт (ЖІӨ-нің %-ы))

H3. Экспорт құрылымының әртараптандырылуы гипотезасы.

Экспорт құрылымының төмен шоғырлануы және экспортталатын өнімдер мен экспортқа шығатын елдер (серіктестер) санының артуы экспорттың көлемін арттырады. (HH индексі, экспортталған өнімдер саны, экспорттық серіктестер саны)

H4. Нарыққа ену гипотезасы.

Экспорт нарықтарына ену деңгейінің жоғарылауы экспорт көлемінің және экспорт өсімінің артуымен байланысты болады. *(Экспорт нарығына ену индексі → Экспорт өсімі).*

H5. Институционалдық қолжетімділік гипотезасы.

Сауда келісімдері санының артуы экспорт нарықтарына қолжетімділікті кеңейтіп, экспорт көлеміне оң ықпал етеді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

Деректер мен әдістеме

Статистикалық деректер базасы

Мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы мен экспорттық әлеуетін сипаттайтын 1992 жылдан бастап 2023 жылға дейінгі жылдық деректер қолданылды. Негізгі статистикалық мәліметтер Дүниежүзілік банктің World Development Indicators (WDI) және халықаралық сауда статистикасын жинақтайтын дерекқорлар базасынан алынды. Бағалау ең кіші квадаттар әдісі (OLS) регрессиялық теңдеуі арқылы жүргізіледі.

Айнымалылардың жіктелуі

Мақалада пайдаланған деректерді үш блокқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші, тәуелді айнымалылар ретінде - тауарлар мен қызметтер экспорты, экспорттың ЖІӨ-і үлесі және экспорттың жылдық өсу қарқыны. Екінші, экспортты ілгерілетуге әсер ететін институционалдық фактор ретінде - Қазақстанның сауда келісімдерінің саны. Бұл айнымалы кедендік кедергілердің прокси-индикаторы ретінде ғылыми әдебиетте кең қолданылады. Үшінші, экспорт құрылымы және әртараптандыру көрсеткіштері ретінде - экспорттың шоғырлану деңгейі (HHI), экспорт нарықтарының тереңдік индексі (EMPI), экспортталатын тауарлар саны және экспортталатын елдер географиясын қостық. Үшінші блоктағы бұл көрсеткіштер институционалдық және әкімшілік кедергілердің экспортқа ықпалын бағалау үшін жанама көрсеткіштер ретінде қолданылады. Бұл тәсіл халықаралық сауда бойынша эмпирикалық зерттеулерде кеңінен пайдаланады.

Ал бақылау айнымалалары ретінде ЖІӨ мен тауарлар мен қызметтер импортын қосып бағалаймыз. Осы арқылы жалпы экономика масштабы мен сауда балансының экспортқа әсерін көреміз.

Эконометриялық модельдер

Макроэкономикалық факторлар және экспорт көлемі арқылы H1 гипотезасын тексеру үшін1-модель:

$$\boldsymbol{ln}\ (\text{ЭКС}_{\boldsymbol{t}}) = \boldsymbol{\beta_0} + \boldsymbol{\beta_1 ln}(\text{ЖІӨ}_{\boldsymbol{t}}) + \boldsymbol{\varepsilon_t} \quad (1)$$

Мұндағы:

$ЭКС_t$ - тауарлар мен қызметтер экспорты (ағымдағы АҚШ доллары)

$ЖІӨ_t$ - жалпы ішкі өнім (ағымдағы АҚШ доллары)

Тексерілетін гипотеза: $\beta_1>0$

Сыртқы сауда ашықтығы және экспорт көрсеткіштері арқылы Н2 гипотезасын тексеру үшін 2-модель:

$$\boldsymbol{ln}\,(\text{ЭКС}_t) = \boldsymbol{\beta_0} + \boldsymbol{\beta_1 ln}(\text{ИМП}_t) + \boldsymbol{\beta_2}\text{ЭКС/ЖІӨ}_t + \boldsymbol{\varepsilon_t} \quad (2)$$

Мұндағы:

$ИМП_t$ - импорт көлемі (current US$)

ЭКС/ЖІӨ - экспорттың ЖІӨ-дегі үлесі (%)

Тексерілетін гипотезалар: $\beta_1>0$, $\beta_2>0$

Экспорт құрылымы және әртараптандыру көрсеткіштері арқылы Н3 гипотезасын тексеру үшін 3-модель:

$$\mathbf{ln}(\text{ЭКС}_t) = \boldsymbol{\beta_0} + \boldsymbol{\beta_1 HH_t} + \boldsymbol{\beta_2 ln}(\text{ӨнСа}_t) + \boldsymbol{\beta_3 ln}(\text{Сер}_t) + \boldsymbol{\varepsilon_t} \quad (3)$$

Мұндағы:

$НН_t$ - экспорттың шоғырлану индексі

$ӨнСа_t$ - экспортталатын өнімдер саны

$Сер_t$ - экспорт серіктестерінің саны

Тексерілетін гипотезалар: β1<0 (шоғырлану ↑ → экспорт тұрақтылығы ↓), β2>0, β3>0

Нарыққа ену және экспорт өсімі көрсеткіштері арқылы Н4 гипотезасын тексеру үшін 4-модель:

$$\text{ЭксӨс}_t = \mathbf{\beta_0 + \beta_1 EMPI_t + \varepsilon_t} \quad (4)$$

Мұндағы:

$ЭксӨс_t$ - экспорттың жылдық өсу қарқыны (%)

$EMPI_t$ - Экспорт нарығына ену индексі (export market penetration index)

Тексерілетін гипотеза: β1>0

Институционалдық қолжетімділік және экспорт көрсеткіштері арқылы Н5 гипотезасын тексеру үшін 5-модель:

$$\mathbf{ln}(\text{ЭКС}_\mathbf{t}) = \mathbf{\beta_0 + \beta_1 ln(TA_t) + \varepsilon_t} \quad (5)$$

Мұндағы:

$ТА_t$ - тарифтік / сауда келісімдерінің саны

Есепке алынған барлық көрсеткіштердің әсерін бір уақытта бағалауға арналған көпфакторлы модель:

$$\ln(\text{ЭКС}_t) = \beta_0 + \beta_1 \ln(\text{ЖІӨ}_t) + \beta_2 \ln(\text{ИМП}_t) + \beta_3 HH_t + \beta_4 \ln(\text{Сер}_t) + \beta_5 EMPI_t + \varepsilon_t \quad (6)$$

НӘТИЖЕЛЕР

Регрессиялық талдаудың нәтижелері жиынтық кестеде көрсетілген (1 кесте). Мұнда біз негізгі макроэкономикалық және құрылымдық факторлардың экспорт көлеміне әсерін салыстырамыз.

Кесте 1 – Қазақстанның экспорттына факторлардың әсерін регрессиялық бағалау нәтижелері

Тәуелсіз/тәуелді айнымалылар	Модель 1 lnЭКС	Модель 2 lnЭКС	Модель 3 lnЭКС	Модель 4 ЭксӨс	Модель 5 lnЭКС	Модель 6 lnЭКС
Const	0.553 (0.940)	5.108*** (0.627)	2.806 (9.877)	7.151 (10.490)	23.775*** (0.258)	4.523*** (1.078)
lnЖІӨ	0.942*** (0.037)					0.071 (0.149)
lnИМП		1.213*** (0.025)				1.132*** (0.181)
ЭКС/ЖІӨ		0.004* (0.002)				

Тәуелсіз/тәуелді айнымалылар	Модель 1 lnЭКС	Модель 2 lnЭКС	Модель 3 lnЭКС	Модель 4 ЭксӨс	Модель 5 lnЭКС	Модель 6 lnЭКС
НН			8.310 (10.830)			0.107 (0.411)
lnӨнСа			0.584** (0.206)			
lnСер			3.752* (1.991)			0.0006 (0.003)
EMPI				1.896 (4.804)		0.145 (0.092)
ТА					0.113*** (0.026)	
Бақылауға алынған жылдар	32	32	24	29	17	29
R-квадрат	0.954	0.987	0.469	0.005	0.549	0.989
F-статистика	629.8	1135.0	5.894	0.155	18.266	437.9
Durbin-Watson	0.855	1.204	0.707	1.980	-	1.969

*p < 0.1; **p < 0.05; ***p < 0.01. Стандартты қателіктер жақша ішінде.
Ескертпе: авторлармен құрастырылды

1-моделдің жұптық регрессия нәтижесінде ЖІӨ - экспорт көлеміне айтарлықтай оң әсер етеді (коэффициент 0.942, p < 0.01). Бұл экспорттың ЖІӨ өсімімен қатар жүретін эластикалық сипатын көрсетеді.

2-моделде мақаланың басты нәтижесі - импорттың экспортқа мультипликативті әсерін байқауға болады. Бұл Қазақстанның экспорттық тауарларды өндіру үшін қажетті инвестициялық тауарлар мен технологияларға тәуелділігін көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан бұл «экспортқа бағдарланған импорт» стратегиясын көрсетеді. Теориялық тұрғыда экспорт өскен сайын төлем қабілеті артып, импорт өседі деген жалпыға анық тұжырым бар. Экспорттан түскен валюталық түсім елдің жиынтық табысын арттырып, тұтынушылық импортқа деген сұранысты тудырады. Яғни, экспорт - себеп, ал импорт - салдар. Алайда, халықаралық сауда теориялары бұл байланыстың екіжақты екенін дәлелдейді және оны біз осы 2-моделдің нәтижелерінен көріп отырмыз. Біздің бағалауымыз бойынша Қазақстандық импорт экспортқа оң әсер етіп, ынталандырады. Импорт коэффициенті 1.213-ке тең және статистикалық маңыздылығы өте жоғары (p < 0.0001). Бұл импорт 1%-ға өссе, экспорт шамамен 1.2%-ға өсетінін көрсетеді. Қазақстанда импорт тек тұтыну үшін емес, экспортты арттыру құралы ретінде де ықпал етеді.

Импорт экспортты қалай ынталандыруы мүмкін деген сұрақ туындайды? Қазіргі жаһандану заманында «таза отандық өнім» ұғымы сирек кездеседі. Импорттың экспортты ынталандыруының 2 негізгі механизмін айтуға болады:

- Импорттық шикізат пен бөлшектер. Экспортқа шығарылатын өнімді өндіру үшін көбінесе шетелдік шикізат, жиынтықтаушы бөлшектер қажет. Егер бұл импорт шектелсе, экспорттық тауардың өзіндік құны артып, сапасы төмендеуі мүмкін. Мысал ретінде соңғы уақытта елімізде дамып келе жатқан машина жасау өндірісін айтуға болады.

- Технология трансферті. Импортталатын машиналар мен жабдықтар, технологиялар өндірістің тиімділігін арттырады. Бұл отандық кәсіпорындардың әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуына және экспорт көлемін ұлғайтуына мүмкіндік береді. Мысал ретінде еліміздегі тау-кен және өңдеу өнеркәсібі өндірісіне қажетті технология импортын айтуға болады.

Қазақстандық импорт экспортты ынталандыра ма әлде экспорт импортты арттыра ма деген сұраққа жауап беру үшін Грейнджер себеп-салдарлылық тестін жүргіздік. Грейнджер тесті айнымалылардың бірі екіншісінен уақыт бойынша өзгеруін болжауға мүмкіндік береді (2 кесте).

Кесте 2 – Грейнджер себеп-салдарлылық тестінің нәтижесі

Нөлдік гипотеза (H0)	F-статистика	P-мәні	Шешім	Себебі
Импорт экспорттың себебі емес	12.45	0.0002	Қабылданбайды (Себеп болып табылады)	Өндірістік себеп: Елге шикізат, бөлшектер мен жаңа технология артуы арқылы экспортталатын тауар артады.
Экспорт импорттың себебі емес	4.12	0.0450	Қабылданбайды (Себеп болып табылады)	Табыстық себеп: Экспорттық кіріс ұлғаю арқылы шетелдік тауар сатып алу артады.
Ескертпе: авторлармен құрастырылды				

Зерттеу нәтижелері бойынша бізде екіжақты кері байланыс әсері (Feedback effect) байқалады.

Импорт → Экспорт негізінде технологиялық ілгерілеу: Модель 2-де импорттың коэффициенті өте жоғары маңыздылық көрсетуі импорттың экспорт үшін «қозғаушы күш» екенін дәлелдейді. Яғни, импорттық шикізат пен жабдықтар өндірісті іске қосып, экспорттық тауар шығаруға мүмкіндік береді. Ол уақыт бойынша экспорттан бұрын жүреді.

Экспорт → Импорт негізіндегі табыс әсері: Экспорт өскен сайын елдің төлем қабілеті артады, бұл 1-моделдегі ЖІӨ-нің оң әсерімен үндеседі. Табыс көбейген соң, ел көбірек тұтынушылық және инвестициялық импортты сатып ала бастайды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, импорт пен экспорт арасындағы тығыз байланыс елдің жабдықтар мен технологияға, яғни инвестициялық импортқа тәуелділігін және экспорттық кірістердің тұтынушылық импортты ынталандырушы рөлін көрсетті.

3-модель нәтижесінде экспортталатын тауарлар саны (0.584, $p < 0.05$) мен серіктес елдер саны (3.752, $p < 0.1$) экспорт көлеміне оң әсер етеді. Бұл экспорттық себетті әртүрлі ету және жаңа нарықтарға шығу стратегиясының тиімділігін растайды. Қазақстан үшін бұл «шикізаттық емес экспортты дамыту» саясатының тиімділігін білдіреді. Тек шикізатқа ғана емес, өңделген тауарлардың жаңа түрлеріне басымдық беру экспорттың жалпы көлемін тұрақты арттырады. Экспорттық серіктестер санының оң әсері нарықтарды географиялық әртараптандырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл Қазақстанның «көпвекторлы сауда саясатын» одан әрі тиімді дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Экспорттық серіктестер саны тәуелсіздік алған жылдардан қазіргі уақытқа дейін тұрақты өскені байқалады. Бұл көрсеткіш еліміздің сыртқы экономикалық саясаттағы диверсификациялау стратегиясын табысты жүзеге асырып жатқанының тікелей айғағы. Деректер қатарындағы ауытқуларға қарамастан, жалпы тренд қазақстандық өнімдерге деген жаһандық сұраныстың кеңейгенін және жаңа өткізу нарықтарының игерілгенін көрсетеді. Әсіресе, соңғы жылдары логистикалық бағыттардың дамуы мен халықаралық сауда келісімдері экспорттық географияның сапалық тұрғыдан нығаюына ықпал етті. Осылайша, серіктестер санының артуы Қазақстанның әлемдік экономикалық жүйедегі орнының нығайғанын және геосаяси сын-қатерлерге қарамастан экспорттық әлеуеттің тұрақтылығын растайды. Енді Қазақстандық өнім экспортының географиялық шоғарлану деңгейін біртіндеп төмендету мақсаты тұр.

4-модель көрсеткендей, экспорт нарығына ену индексі (Index of export market penetration) статистикалық тұрғыдан маңызды емес ($p = 0.69$) және модельдің түсіндіру қабілеті ($R^2 = 0.005$) өте төмен. Өйткені, Қазақстанның мұнай, металл сияқты басым экспорттық тауарлары негізінен әлемдік биржалық нарықтарда сатылады. Мұндай тауарлар үшін «нарыққа ену стратегиясынан» көрі, әлемдік баға конъюнктурасы маңыздырақ.

Қазақстанның сыртқы сауда көрсеткіштерін ретроспективті талдау барысында экспорттық серіктестер санының ғана емес, сонымен қатар экспорттық белсенділік индексінің де айтарлықтай өскені байқалады. Зерттеу кезеңінің басында бұл индекс 1,93 бірлікті құраса, 2023 жылға қарай ол 3,05 көрсеткішіне дейін жетіп, сауда қатынастарының тұрақты даму траекториясын көрсетті. Индекстің мұндай өсімі отандық өнімдердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің артуымен және экспорттық себеттің әртараптандырылуымен тікелей байланысты. Статистикалық мәліметтер 2010-жылдардың ортасынан бастап экспорттық белсенділіктің жеделдегенін айқындайды, бұл мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен трансшекаралық хабтардың тиімділігін растайды. Индекстің 3,05-ке көтерілуі Қазақстанның жаһандық жеткізу тізбегіндегі стратегиялық рөлінің нығайғанын сипаттайды.

5-моделде тарифтік келісімдер санының артуы экспортқа оң ықпал етеді (0.113, $p < 0.01$). Әрбір жаңа тарифтік келісімнің жасалуы Қазақстанның екіжақты және көпжақты еркін сауда аймақтары аясындағы преференцияларды тиімді пайдалана бастағанын көрсетеді. Институционалдық қолдау - шикізаттық емес секторды ілгерілетудің басты құралы. Осы жерде ескеретін мәселе, біздің ойымызша халықаралық ұйымдарға мүше болу ұйымдағы экономика көлемі үлкен мемлекеттер үшін тиімді.

Модель 6 барлық негізгі факторларды біріктіргенде ең жоғары детерминация коэффициентін ($R^2 = 0.989$) көрсетеді. Бұл модельде Дарбин-Уотсон статистикасы 1.969-ға тең, бұл қалдықтарда автокорреляцияның жоқтығын және модельдің болжамдық қабілетінің жоғары екенін дәлелдейді. Бір факторлы жұптық модельдерде мултиколлиенарлыққа талдау (Variance Inflation Factor, VIF) қажеті жоқ. 6 көпфакторлы моделде ЖІӨ болған кезде VIF 5,54 көрсетсе, ЖІӨ моделден шығарып қайта есептеген кезде VIF 1,79 құрап модель тазарды. ЖІӨ мен нарық концентрациясы бұл модельде маңыздылығын жоғалтқан, бірақ импорт өте жоғары маңыздылықты сақтап қалды (1.132, $p<0.0001$). Қазақстан жағдайында бұл импорттың «өндірістік сипатын» білдіреді. Экспорттық өнімді, тіпті шикізатты да өндіру және тасымалдау үшін қажетті күрделі құрал-жабдықтар мен технологиялардың едәуір бөлігі импортталатынын ескерсек, импортсыз экспорттың өсуі мүмкін емес екені ғылыми дәлелденеді.

Модель 6 - экспорт көлемін болжау және саяси шешімдер қабылдау үшін сенімді құрал болып табылады, себебі ол барлық негізгі макроэкономикалық және құрылымдық айнымалыларды ескереді және автокорреляциядан таза.

Жоғарыда зерттеу нәтижесінде айтылған тұжырымдардың сенімділігін растау мақсатында модельдің адекваттылығы мен классикалық сызықтық регрессия болжамдарының орындалуын тексеріп, диагностикалық тесттер кешені жүргізілді (3 кесте).

Кесте 3 – Көпфакторлы модельдің сенімділігін тексеру

Тест түрі	Көрсеткіш / Статистика	Мәні	Интерпретация
Автокорреляция	Durbin-Watson (DW)	1,969	Қалдықтарда автокорреляция жоқ (DW ≈ 2)
Мультиколлинеарлық	Variance Inflation Factor (VIF)	5,54 1,79	Модель ЖІӨмен Модель ЖІӨ-сіз
Модель сапасы	Adjusted R^2	0,987	Вариацияның 98,7%-ы модельмен түсіндіріледі
Қалдықтар тұрақтылығы	Parameter β	-0,009	Қалдықтардың стационарлығына жақындығы жоғары
Ақпараттық критерий	Akaike (AIC)	-41,57	Төмен мән - модельдің оңтайлылығының белгісі
Жалпы маңыздылық	F-test (p-value)	< 0,001	Модель статистикалық тұрғыдан сенімді
Ескертпе: авторлармен құрастырылды			

Зерттеу барысында құрылған көпфакторлы регрессиялық 6-моделдің адекваттылығы мен сенімділігі кешенді диагностикалық тесттер арқылы расталды. Атап айтқанда, Дарбин-Вотсон статистикасының мәні (DW=1,969) мен β параметрінің деңгейі (-0,009) қалдықтар қатарында бірінші ретті автокорреляцияның жоқтығын және олардың стационарлық сипатын айқындайды. Түзетілген детерминация коэффицентінің жоғары көрсеткіші (Adjusted R^2=0,987) экспорт көлеміндегі вариацияның 98,7%-ы таңдалған тәуелсіз айнымалылар жиынтығымен толық түсіндірілетінін көрсетеді. Ақайке ақпараттық критерийінің (AIC) төмен мәні мен F-статистикасының жоғары маңыздылығы ($p<0,001$) модельдің оңтайлы құрылымын және оның Қазақстанның сыртқы сауда динамикасын сипаттаудағы жоғары болжамдық қабілетін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Келесі кестеде гипотезалардың расталу деңгейін қарастырамыз (4 кесте).

Кесте 4 – Бастапқы гипотезаларды бағалау нәтижесі

Гипотеза	Байланыс жолы	β-коэффициенті	p-мәні	Қорытынды
H1	ЖІӨ → Экспорт	0.943	0.000	Расталды
H2a	Импорт → Экспорт	1.213	0.000	Расталды
H2b	Экспорт/ЖІӨ → Экспорт	0.0037	0.087	Ішінара расталды

Гипотеза	Байланыс жолы	β-коэффициенті	p-мәні	Қорытынды
H3a	HH индексі → Экспорт	-8.310	0.452	Расталмады
H3b	Тауарлар саны → Экспорт	0.585	0.010	Расталды
H3c	Серіктестер саны → Экспорт	3.753	0.074	Ішінара расталды
H4	EMP индексі → Экспорттық өсім	-1.897	0.696	Расталмады
H5	Келісім шарт → Экспорт	0.113	0.001	Расталды
Ескертпе: авторлармен құрастырылды				

Зерттеу барысында алынған эконометрикалық модель нәтижелері Қазақстанның экспорттық әлеуетін айқындаушы факторлардың күрделі иерархиясын көрсетті. Ең жоғары және статистикалық тұрғыдан маңызды әсер макроэкономикалық айнымалыларға тиесілі: ЖІӨ β= 0,943, p < 0,001 мен импорт көлемі β = 1,213, p < 0,001 экспорт өсімінің негізгі драйверлері ретінде H1 және H2a гипотезаларын толық растады. Бұл отандық экспорттың өндірістік қуаттылыққа және технологиялық импортқа тәуелділігін айқындайды. Институционалдық тұрғыдан алғанда, тарифтік келісімдер санының (No. of Tariff Agreement) оң әсері β= 0,113, p = 0,001 H5 гипотезасын сенімді түрде негіздеп, сыртқы саудадағы преференциалды режимдердің нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз етудегі тиімділігін дәлелдеді.

Экспортты әртараптандыру тұрғысынан тауарлар номенклатурасының кеңеюі β= 0,585, p = 0,010 экспорттық белсенділіктің артуына маңызды ықпал етсе (H3b), серіктестер санының әсері β= 3,753, p = 0,074 10% маңыздылық деңгейінде ішінара қабылданды (H3c). Сонымен қатар, экспорттың ЖІӨ-дегі үлесі бойынша да (H2b) ішінара сәйкестік байқалады. Алайда, HH индексі мен EMP индексі бойынша алынған теріс және статистикалық маңызсыз нәтижелер (H3a, H4) Қазақстан экспортындағы өнімдік-тауарлық шоғырланудың жоғары деңгейде сақталып отырғанын және жаңа нарықтарға терең ену стратегияларының әлі де болса шектеулі екенін көрсетеді. Тұтастай алғанда, модель нәтижелері экспортты ілгерілетуде институционалдық келісімдер мен тауарлық әртараптандырудың жиынтық әсері шешуші екенін айқындайды.

Қорытынды

Жүргізілген эконометрикалық талдау Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыруда институционалдық факторлар мен макроэкономикалық тұрақтылықтың шешуші рөл атқаратынын көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі практикалық ұсыныстар беріледі:

- Тарифтік келісімдер аясын кеңейту қажет. Экспорт көлемін арттыру үшін тек дәстүрлі серіктестермен ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс секілді жаңа серпінді нарықтармен преференциалдық сауда келісімдерін жасау тиімді.

- Тауар номенклатурасын әртараптандыру. Тауарлар санының экспортқа оң әсерін (β=0.585) ескере отырып, қосымша құны жоғары өңделген өнімдердің үлесін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын күшейту маңызды.

- Нарыққа ену стратегиясын қайта қарау. EMP индексі мен HH индексі бойынша теріс немесе маңызды емес нәтижелер нарыққа енудің жаңа тетіктерін әзірлеуді және экспорттық шоғырлануды төмендету бойынша белсенді саясат жүргізуді талап етеді.

Жалпы алғанда, Қазақстанның экспорттық стратегиясы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін нығайту, қосылған құны жоғары өңделген тауарлар үлесін арттыру, сауда келісімдері арқылы институционалдық кедергілерді азайту, экспортқа бағдарланған өндірісті мемлекеттік қолдау, экспорт құрылымын жүйелі оңтайландыруға негізделуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Porter M. E. The Competitive Advantage of Nations. – New York: Free Press, 1990. – 855 p.

2. Hausmann R., Hwang J., Rodrik D. What you export matters // Journal of Economic Growth. – 2007. – № 12 (1). – P. 1–25. – DOI: 10.1007/s10887-006-9009-4.

3. Krugman P. R., Obstfeld M., Melitz M. J. International Economics: Theory and Policy. – 10th ed. – Boston: Pearson, 2015. – 792 p.

4. Feenstra R. C. Advanced International Trade: Theory and Evidence. – Princeton University Press, 2016. – 496 p.

5. Helpman E., Melitz M., Rubinstein Y. Estimating Trade Flows: Trading Partners and Trading Volumes // The Quarterly Journal of Economics. – 2008. – № 123 (2). – P. 441–487. – DOI: 10.1162/qjec.2008.123.2.441.

6. Bonifazi C., Marini C. The Impact of the Economic Crisis on Foreigners in the Italian Labour Market // Journal of Ethnic and Migration Studies. – 2014. – № 40 (3). – P. 493–511. – DOI: 10.1080/1369183X.2013.829710.

7. Adilkhanov O., Sabden O. Evaluation of export diversification on sustainable growth in Kazakhstan // Rivista di Studi Sulla Sostenibilita. – 2021. – № 2. – P. 49–63. – DOI: 10.3280/RISS2020-002004.

8. Adilkhanov O. S., Sabden O. S., Turdalina Sh. K., Tuebekova Zh. T. Evaluating Scientific Potential in Kazakhstan: A Regional Index Assessment Approach // Economy: strategy and practice. – 2024. – № 19(3). – P. 6–18. – DOI: 10.51176/1997-9967-2024-3-6-18.

9. Aitken B., Hanson G. H., Harrison A. E. Spillovers, foreign investment, and export behavior // Journal of International Economics. – 1997. – № 43 (1-2). – P. 103–132. – DOI: 10.1016/S0022-1996(96)01467-2.

10. Asiedu E. On the Determinants of Foreign Direct Investment to Developing Countries: Is Africa Different? // World Development. – 2002. – № 30 (1). – P. 107–119. – DOI: 10.1016/S0305-750X(01)00100-0.

11. Melitz M. J. The Impact of Trade on Intra-Industry Reallocations and Aggregate Industry Productivity // Econometrica. – 2003. – № 71 (6). – P. 1695–1725. – DOI: 10.1111/1468-0262.00467.

12. Сауда қызметін реттеу туралы: ҚР 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңы // Әділет. – URL: http://adilet.zan.kz.

13. Сауда саясатын дамыту орталығының жылдық есебі // QazTrade. – 2023. – URL: https://qaztrade.org.kz.

14. World Integrated Trade Solution (WITS). Kazakhstan Trade Indicators [Электронды ресурс] // The World Bank. – 2023. – URL: https://wits.worldbank.org/CountryProfile/en/Country/KAZ/Year/2023/Summary (қарау уақыты: 05.01.2026).

15. Қазақстанның сыртқы саудасы [Электронды ресурс] // ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы. – 2023. – URL: https://stat.gov.kz (қарау уақыты: 10.01.2026).

REFERENCES

1. Porter, M. E. (1990), The Competitive Advantage of Nations, Free Press, New York, 855 p.

2. Hausmann, R., Hwang, J. and Rodrik, D. (2007), "What you export matters", Journal of Economic Growth, Vol. 12, No. 1, pp. 1–25. DOI: 10.1007/s10887-006-9009-4.

3. Krugman, P. R., Obstfeld, M. and Melitz, M. J. (2015), International Economics: Theory and Policy, 10th ed., Pearson, Boston, 792 p.

4. Feenstra, R. C. (2016), Advanced International Trade: Theory and Evidence, Princeton University Press, 496 p.

5. Helpman, E., Melitz, M. and Rubinstein, Y. (2008), "Estimating Trade Flows: Trading Partners and Trading Volumes", The Quarterly Journal of Economics, Vol. 123, No. 2, pp. 441–487. DOI: 10.1162/qjec.2008.123.2.441.

6. Bonifazi, C. and Marini, C. (2014), "The Impact of the Economic Crisis on Foreigners in the Italian Labour Market", Journal of Ethnic and Migration Studies, Vol. 40, No. 3, pp. 493–511. DOI: 10.1080/1369183X.2013.829710.

7. Adilkhanov, O. and Sabden, O. (2021), "Evaluation of export diversification on sustainable growth in Kazakhstan", Rivista di Studi Sulla Sostenibilita, No. 2, pp. 49–63. DOI: 10.3280/RISS2020-002004.

8. Adilkhanov, O. S., Sabden, O. S., Turdalina, Sh. K. and Tuebekova, Zh. T. (2024), "Evaluating Scientific Potential in Kazakhstan: A Regional Index Assessment Approach", Economy: strategy and practice, Vol. 19, No. 3, pp. 6–18. DOI: 10.51176/1997-9967-2024-3-6-18.

9. Aitken, B., Hanson, G. H. and Harrison, A. E. (1997), "Spillovers, foreign investment, and export behavior", *Journal of International Economics*, Vol. 43, No. 1-2, pp. 103–132. DOI: 10.1016/S0022-1996(96)01467-2.

10. Asiedu, E. (2002), "On the Determinants of Foreign Direct Investment to Developing Countries: Is Africa Different?", *World Development*, Vol. 30, No. 1, pp. 107–119. DOI: 10.1016/S0305-750X(01)00100-0.

11. Melitz, M. J. (2003), "The Impact of Trade on Intra-Industry Reallocations and Aggregate Industry Productivity", *Econometrica*, Vol. 71, No. 6, pp. 1695–1725. DOI: 10.1111/1468-0262.00467.

12. "Law of the RK on regulation of trade activities dated April 12, 2004 No. 544" (2004), Adilet (In Kazakh).

13. QazTrade (2023), "Annual Report of the Trade Policy Development Center" (In Kazakh).

14. World Integrated Trade Solution (2023), "Kazakhstan Trade Indicators", The World Bank, available at: https://wits.worldbank.org/CountryProfile/en/Country/KAZ/Year/2023/Summary

15. Bureau of National Statistics (2023), "Foreign trade of Kazakhstan", available at: https://stat.gov.kz (In Kazakh).

EMPIRICAL ANALYSIS OF INSTITUTIONAL AND MACROECONOMIC FACTORS AFFECTING KAZAKHSTAN'S EXPORT POTENTIAL

O. Sh. Adilkhanov[1]*, D. M. Kangalakova[1], K. N. Zhangaliyeva[1]
[1]Institute of Economics of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Research Objective: The aim of the study is to empirically assess the impact of macroeconomic, institutional, and structural factors on Kazakhstan's export potential. Under global geopolitical shifts, priority is given to identifying the key drivers that determine the opportunities for domestic products to enter the world market.

Methodology: The study employed World Bank statistical data for Kazakhstan covering the period 1995–2023. To evaluate the relationships among factors, both pairwise and multifactor regression models were constructed based on the Ordinary Least Squares (OLS) method. The reliability of the model was confirmed through tests for multicollinearity (VIF), autocorrelation (Durbin-Watson), and residual stationarity.

Originality / Value of the Study: The value of the article lies in its comprehensive approach to analyzing export processes, which considers not only traditional macroeconomic indicators but also institutional variables such as the number of tariff agreements and market entry indices. This approach enables a qualitative assessment of the effectiveness of foreign trade policy.

Research Findings: The modeling results demonstrated a decisive positive effect of GDP (β=0.943) and imports (β=1.213) on export growth. Among institutional factors, the increase in the number of tariff agreements (β=0.113, p=0.001) was proven to significantly stimulate export revenues. However, the hypotheses related to the HH index and EMP index were not confirmed, indicating a high level of export concentration and insufficient strategies for entering new markets. The conclusions can serve as a useful foundation for diversifying Kazakhstan's export strategy.

Keywords: export potential, tariff agreements, econometric modeling, institutional support, market entry index, diversification, trade policy.

Acknowledgment. The study was prepared within the framework of grant funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (AP26198229) "Mechanisms for the development of export-oriented production: modern approaches and directions of implementation."

ЭМПИРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫХ И МАКРОЭКОНОМИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ЭКСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХСТАНА

О. Ш. Адилханов[1]*, Д. М. Кангалакова[1], К. Н. Жангалиева[1]
[1] Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Республика Казахстан.

АННОТАЦИЯ

Цель исследования: Целью исследования является эмпирическая оценка влияния макроэкономических, институциональных и структурных факторов на экспортный потенциал Казахстана. В условиях глобальных геополитических изменений приоритет отдается выявлению ключевых драйверов, определяющих возможности выхода отечественной продукции на мировой рынок.

Методология: В ходе исследования использовались статистические данные Всемирного банка по Казахстану за период 1995-2023 гг. Для оценки взаимосвязи факторов была построена парная и многофакторная регрессионная модель на основе метода наименьших квадратов (OLS). Надежность модели подтверждена тестами на мультиколлинеарность (VIF), автокорреляцию (Durbin-Watson) и стационарность остатков.

Уникальность / ценность исследования: Ценность статьи заключается в комплексном рассмотрении экспортных процессов не только через традиционные макроэкономические показатели, но и через институциональные переменные, такие как количество тарифных соглашений, а также индексы проникновения на рынок. Такой подход позволяет качественно оценить эффективность внешнеторговой политики.

Результаты исследования: Результаты моделирования показали решающее положительное влияние ВВП β=0,943 и импорта β=1,213 на рост экспорта. Среди институциональных факторов доказано, что увеличение числа тарифных соглашений β=0,113, p=0,001 значительно стимулирует экспортную выручку. Однако гипотезы по индексу HH и индексу EMP не подтвердились, что указывает на высокий уровень экспортной концентрации и недостаточность стратегий выхода на новые рынки. Выводы могут служить полезной основой для диверсификации экспортной стратегии Казахстана.

Ключевые слова: экспортный потенциал, тарифные соглашения, эконометрическое моделирование, институциональная поддержка, индекс проникновения на рынок, диверсификация, торговая политика.

Благодарность. Исследование подготовлено в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК (AP26198229) «Механизмы развития экспортно-ориентированного производства: современные подходы и направления реализации».

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Адилханов Олжас Шайзандаевич – PhD, аға ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: olzhasadilkhan1@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-4292-7408*

Кангалакова Дана Муратбековна – PhD, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: dmuratbekovna@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8388-8559

Жанғалиева Қымбат Нұрланқызы – PhD докторант, ғылыми қызметкер. ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: k.zhangalieva@gmail.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-9919-9061